



ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

№19 (2434)
29 сәуір 2026 жыл
сәрсенбі

Газет 1990 жылдың
1 қаңтарынан бастап шыға бастады

zhanalyk_zharshysy@mail.ru

Әйтеке би ауданының қоғамдық-саяси газеті

Құрметті оқырман! Газеттің электрондық нұсқасы жұмыс жасайтынын хабарлаймыз! <https://zhanalyq-zharshysy.kz>



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – татулық пен тұрақтылықтың, достық пен өзара сыйластықтың айқын көрінісі. Тәуелсіз еліміздің ең басты жетістіктерінің бірі – ұлт пен ұлысты ұйыстырған бірлік пен келісім. Береке бастауы болған осы құндылықтардың арқасында мемлекетіміз дамуының даңғыл жолымен алға басып келеді.

Бірлік – елдіктің алтын арқауы, мемлекет тұрақтылығының берік негізі. Түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің бір шаңырақ астында тату өмір сүруі – өзара сенімнің, құрметтің және ортақ Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің жемісі. Ұлттар арасындағы достық – қоғамды алға бастайтын күш, жас ұрпаққа үлгі болатын асыл қасиет.

Татулықтың қадірін терең түсінген халық қашанда биік белестерді бағындырады. Өйткені ынтымақ бар жерде ырыс бар, ауызбіршілік бар жерде береке бар. Бір-бірінің тіліне, діліне, дәстүріне құрметпен қарау – өркениетті қоғамның белгісі. Осындай парасатты қарым-қатынас еліміздегі бейбіт өмір мен тұрақтылықтың басты кепілі болып отыр.

Ауданымызда да бірнеше ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп, ортақ мақсат жолында еңбек етіп келеді. Олар ата дәстүрі мен салт-санасын сақтай отырып, туған жердің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосуда. Бұл – ел ішіндегі ауызбіршілік пен өзара құрметтің жарқын үлгісі.

Қадірлі жерлестер!
Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілейміз. Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем болсын!

Құрметпен
Аудан әкімі Д.Тоғызбаев,
Аудандық мәслихат төрағасы
Б.Сейілханов.

Уважаемые жители района!

От всей души поздравляем вас с 1 мая – Днем единства народа Казахстана!
Этот праздник является символом мира и согласия, дружбы и взаимного уважения. Одним из главных достижений нашего независимого государства стало единство народа, сплоченность представителей разных этносов и культур. Именно благодаря этим ценностям наша страна уверенно движется вперед по пути развития и созидания.

Единство народа – это прочная основа государственности и важнейшее условие стабильности. Мирная жизнь представителей разных национальностей под единым шаңыраком стала возможной благодаря взаимному доверию, уважению и искренней любви к общей Родине. Дружба между этносами является огромной силой, которая укрепляет общество и служит примером для подрастающего поколения.

Народ, умеющий ценить согласие, всегда достигает высоких целей. Там, где есть единство, есть благополучие, где есть взаимопонимание – есть развитие. Уважение к языку, культуре и традициям друг друга является признаком зрелого и цивилизованного общества. Именно такие ценности служат надежной основой мира и стабильности в нашей стране.

В нашем районе также в мире и согласии проживают представители многих национальностей, которые честным трудом вносят вклад в развитие родного края. Бережно сохраняя свои традиции, язык и культуру, они вместе укрепляют атмосферу дружбы и добрососедства.

Желаем вам крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия и достатка. Пусть в нашей стране царят мир и стабильность, а единство народа только крепнет!

С уважением,
Аким района Д.Туғызбаев,
Председатель районного маслихата
Б.Сейілханов.

Өңірлік дамудың басты басымдықтарының бірі

Осы мақсатта өңірдегі азаматтық қорғау жүйесін кешенді түрде жаңғырту қолға алынды. Биылғы жылдың наурыз айында облыс әкімі А.Шахаровтың төрағалығымен өткен төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға арналған комиссия оты-



рысында қабылданған шешімдер бүгінде нақты нәтижелерін бере бастады. Төтенше жағдайлар министрлігі бекіткен арнайы миссия аясында, қазіргі таңда облыстың бірқатар ауылдық округтерінде өрт сөндіру бекеттерін салу және жабықтау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бұл бағыттағы жұмыстардың ең белсенді бөлігі Әйтеке би ауданына тиесілі болып отыр. Аталған аудандағы Жамбыл, Ақтасты және Ұлғайсын ауылдарында жаңа өрт сөндіру нысандары бой көтеруде. Бұл елді мекендердің географиялық ерекшелігі мен аудан орталығынан қашықтығын ескерсек, жаңа бекеттердің салынуы өңірдегі өрт қауіпсіздігін түбегей-

ЕЩЕ ОДИН ПСИХОНЕВРОЛОГИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ПОЯВИТСЯ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ



В регионе более 200 человек нуждаются в размещении в спеццентре. Новое учреждение вскоре откроется в здании больницы в селе Карабутақ Айтекебийского района, передает агентство Kazinform.

По словам руководителя областного управления координации занятости и социальных программ Актыобинской области Ляззат Оразбаевой, при выборе объекта было рассмотрено несколько зданий, наиболее подходящим оказалось здание бывшей больницы в селе Карабутақ. Оно пустует уже около девяти лет.

— Здание большое. В настоящее время выделены средства на проведение текущего ремонта. АО «Самрук-Казына» окажет помощь в оснащении мебелью. В Актыобинской области на учете состоят около шести тысяч человек с психоневрологическими заболеваниями, более 200 из них стоят в очереди на размещение в центре. При этом интернат в регионе всего один и свободных мест там нет, прием возможен только после выписки пациентов. Мы поднимаем этот вопрос уже больше года, сейчас нашли решение. Открытие центра в Айтекебийском районе позволит сократить очередь, — отметила Ляззат Оразбаева.

Согласно плану, центр будет рассчитан на 150 мест. В учреждении организуют круглосуточное медицинское наблюдение, а также будут оказывать психиатрическую и психотерапевтическую помощь.

— Реализация проекта позволит создать комфортные условия для людей с особыми потребностями и улучшить качество их жизни. Это также снизит социальную нагрузку на семью и обеспечит стабильный и качественный уход. В центре предусмотрены обеспечение лекарствами, социально-бытовые услуги, психологическая поддержка и трудовая адаптация. Кроме того, будут организованы культурно-досуговые мероприятия. Открытие центра также создаст новые рабочие места для местных жителей, — сообщила в управлении.

Напомним, что социальный центр №2 на окраине Актобе работает с 1988 года. В прошлом году там проживало более 400 человек, все с психоневрологическими заболеваниями, часть из них имеют инвалидность. Учреждение принимает взрослых старше 18 лет.

Ранее сообщалось, что реконструкцию 53 больниц и перинатальных центров проводят в Казахстане.

Kazinform.

Ақтасты ауылының тыныс-тіршілігі жаңғыруда

Ауданымызда ауыл инфрақұрылымын дамыту және өңір тұрғындарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы орайда, аудан орталығынан 94 шақырым қашықтықта орналасқан Ақтасты ауылына табиғи газ тарту жұмыстарының басталуы – өңір үшін маңызды тарихи оқиға.

Газ – бұл жай ғана отын емес, бұл – ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысын түбегейлі өзгертетін, өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеретін басты фактор. Ауылды газдандырудың пайдасы орасан зор: біріншіден, тұрғындар көмір мен отын тасымалдаудың машақатынан құтылады. Үйдің жылуы тұрақты болып, ыстық суға қолжетімділік артады. Бұл әсіресе қыс мезгілінде қарттар мен балалы отбасылар үшін таптырмас жайлылық.

Екіншіден, газбен қамту экологиялық ахуалды жақсартады. Көмір жағудан шығатын түтін мен күлдің азаюы ауа тазалығына оң әсерін тигізеді, бұл өз кезегінде тұрғындардың денсаулығын сақтаудың маңызды бөлігі.

Үшіншіден, табиғи газдың экономикалық тиімділігі айқын. Отынды үнемдеу мүмкіндігі отбасылық бюджетке оң септігін тигізіп, үнемделген қаржыны тұрғындар басқа да қажеттіліктеріне бағыттай алады. Сонымен қатар, газдың келуі ауылдағы шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашады – пекарнялар, жылжыжайлар және басқа да өндірістік орындар ашуға мүмкіндік туады.

Қазіргі таңда Ақтасты ауылында «Gazmart» ЖШС тарапынан құрылыс-монтаждау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жоба аясында жалпы ұзындығы 23,4 шақырымды құрайтын газ құбыры тартылмақ. Аудан әкімі Д.Тоғызбаев құрылыс алаңына арнайы барып, жұмыс барысымен танысты. Жоспар бойынша 5 айға есептелген нысанды мердігер мекеме мүмкіндігінше ерте аяқтауды көздеп отыр.



Бүгінгі таңда Әйтеке би ауданы бойынша 18 елді мекендегі 17 828 тұрғын, яғни халықтың 87 пайызы көгілдір отынның игілігін көруде. Бұл көрсеткіш – ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіші. Алдағы уақытта «көгілдір отын» Жабасақ және Тұмабұлақ ауылдарына да жеткізіліп, ауданның барлық дерлік аумағын газбен қамту жүйелі түрде жалғасын таба береді.

Ауыл инфрақұрылымын дамыту – бұл тек қабырға тұрғызып, құбыр тарту емес, бұл – ауылдың болашағына салынған инвестиция. Газ келген елді мекендерде демографиялық ахуал тұрақталып, жастардың ауылда қалуына және өндірістік бастамалардың өркендеуіне үлкен серпін беріледі. Жоба толық аяқталғаннан кейін Ақтасты тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі айтарлықтай жеңілдеп, ауылдарымыздың көркі мен берекесі кіре түспек.

ЧЕРНОБЫЛЬ ЕРЛІГІ – ЕЛ ЖАДЫНДА



Аудан әкімінің орынбасары Д.Убайдуллин, Чернобыль атом электр стансасындағы апат салдарынан жоюға қатысқан жерлесіміз Қанат Нұрқалықұлын қабылдап, құрмет көрсетіп, арнайы куәлік, алғыс хат табыстады.

Биыл адамзат тарихындағы ең ауыр техногендік апаттардың бірі – Чернобыль АЭС-індегі апатқа 40 жыл толып отыр. Бұл қасірет миллиондаған адамның тағдырына әсер етіп, табиғат пен адам денсаулығына орасан зиян келтірді. Сол сын сағатта апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың ерлігі мен

жанқиярлығы ешқашан ұмытылмайды.

Сопардың қатарында жерлесіміз Қанат Нұрқалықұлы да бар. Жас сарбаз шағында ол 1988–1989 жылдары Чернобыль аймағындағы аса қауіпті жұмыстарға қатысып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарды. Халықтың амандығы мен болашақ ұрпақтың қауіпсіздігі үшін қауіпке қарамай қызмет ету – үлкен жүрек пен қайсар рухтың белгісі.

Оның сол жылдардағы ерлігі – кейінгі буынға өнеге. Қанат Нұрқалықұлы еңбек жолында байланыс саласында, қаржы жүйесінде, өрт қауіпсіздігі қызметінде, өндірісте еңбек етіп, бүгінде теміржол саласында абыройлы қызмет атқарып келеді. Қай салада жүрсе де жауапкершілік пен адалдықтың үлгісін көрсетіп, ел сенімін ақтап келеді. Сонымен қатар ұш бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке, өнегелі азамат.

Сол бір қысталаң шақта алапат апатты ауыздықтауға қатысқан азамат қазіргі таңда теміржол саласында еңбек етіп келеді.

Елеулі еңбек еленді

Қоғамның рухани дамуы мен ұрпақ тәрбиесінде кітапхананың алар орны ерекше. Кітап пен оқырман арасын жалғап, білім мен мәдениеттің алтын көпіріне айналған жандардың еңбегі ардақымызға қымбат. Сондай өз ісіне адал, ел сеніміне мен мамандардың бірі – Қарабутақ ауылдық кітапханасының меңгерушісі Люся Хаметова.

Люся кітапхана саласындағы еңбек жолын 2003 жылы бастап, быыл осы салада табан аудармай қызмет етіп келе жатқанына 23 жыл толып отыр. 2003 жылдан 2016 жылға дейін кітапханашы қызметін абыроймен атқарып, оқырмандарға сапалы қызмет көрсетіп, кітапхана жұмысының дамуына өзіндік үлесін қосты. Ал 2016 жылдан бері кітапхана меңгерушісі ретінде ұжымға жетекшілік жасап, мекеменің жұмысын жаңа бағытта ұйымдастырып келеді.

Біліктілікті арттыру жолында да үздіксіз ізденісте болған ол 2012-2014 жылдары Ақтөбе гуманитарлық колледжінде білім алып, кейін 2018-2020 жылдары Батыс

Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде оқуын жалғастырды. Бұл оның мамандыққа деген жауапкершілігі мен кәсіби өсуге деген ұмтылысын аңғартады.

Люсяның оқырмандармен байланысы өте тығыз. Кітапханаға келіп тұскен жаңа әдебиеттер мен тың басылымдар интернет желілеріне жарияланып, ауыл тұрғындарына дер кезінде таныстырылып отырады. Сонымен қатар ауылшілікті жарнамалар арқылы да кітапты насихаттау ісі жолға қойылған.

Оқырман қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі тағалымды шаралар жиі ұйымдастырылады. Соның бірі – «Ымырт кітапханасы» жобасы. Бұл бастама арқылы кешкі уақытта да кітапсүйер қауымның басын қосып, рухани кештер өткізу дәстүрге айналған. Сондай-ақ ауылдағы мекемелерге арнайы барып, кешпелі кітап көрмелерін ұйымдастыру арқылы кітаптың қолжетімділігін арттыруға күш салып келеді.

Кітапхананың тұрақты оқыр-



мандары қатарында ауыл ақсақалдары, мектеп мұғалімдері мен білімге құштар оқушылар бар. Бұл – кітапхана жұмысының жүйелі әрі нәтижелі екенін көрсетеді.

Кәсібіне адалдық танытып, мәдениет саласына сіңірген есегі еңбегі ескеріліп, мереке қарсаңында Люся «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталды. Бұл – ұзақ жылғы еңбектің, ізденістің және оқырман ықпалының айқын көрінісі.

Ел руханиятына қызмет етуді өмірлік мұрат еткен Люся сынды кітап жанашырларының еңбегі қашанда құрметке лайық.

«Жаңалық жаршысы» газетіне 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу басталды.

индекс	Жазылушылар санаты Категория подписчиков	Бағалар/Цены		
		қала/город	ауыл/село	
67510	Жеке тұлғалар үшін Физические лица	6 ай 6 мес.	3 685,80 тг	3 685,80 тг

«Қазпошта» АҚ-ның Ақтөбе облыстық филиалының Әйтеке би аудандық пошта байланыс торабының операторларынан немесе ауылдық жерде орналасқан пошта бөлімшелерінің қызметкерлерінен толық мәлімет алуға болады. Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты ақпараттарды ала аласыздар: 8-71339-22-5-68 (редакция)



ГОД РЕКОРДНОГО УРОЖАЯ

За годы существования нашей области в её биографии произошло множество ярких и запоминающихся событий, но одно из них я бы выделил особенно - это рекордный урожай 1981 года, выращенный хлеборобами области, а самый весомый вклад в «общий котёл» внесли целинные совхозы Комсомольского района. В тот год по району яровыми были засеяны 412,9 тысячи гектаров, в том числе зерновыми-365 тыс.га. Основной культурой-пшеницей мягких и твёрдых сортов были засеяны 221,2 тыс.га, ячменём-113,4тыс.га., просом-25,6 тыс.га. Таким было хлебное поле Комсомольского района и масштабы его, особенно по нынешним меркам, поражают.

Первый год 11 пятилетки принёс небывалый урожай за всю историю целинного земледелия, урожай, который нужно было не только собрать, но и вывезти с полей на тока, сдать государству, доставил много хлопот хлеборобам, районному руководству. Председатель Комсомольского райисполкома Фёдор Евгеньевич Чемоданов, выступая на страницах районной газеты «Целинная Новь», тогда писал следующее «...В период хлебоуборки были организованы уборочные звенья, комбайнерный метод перевозки зерна, были разработаны и внедрены почасовые графики сдачи зерна на хлебоприёмные пункты. В горячие дни «жатвы-81» на полях района плечом к плечу с местными комбайнерами работали комбайнёры из промпредприятий г. Актюбинска, Украины, Молдавии, Уральской области. Автомобилисты автоколонны 2577, других автопредприятий города Актюбинска, Чимкента, Мангышлакской области и других привлечённых водителей, которые добивались высоких показателей в работе».

В страдную пору на хлебных полях работало 1040 комбайнов, 400 жаток, около 2500 автомобилей. Местным комбайнерам помогали 440 комбайнёров и 300 водителей из областного центра, 550 водителей из других областей и водители воинских подразделений.

Уборка урожая стала главной заботой районной партийной организации,

Району 60 лет



её «первичек» на местах. Организации социалистического соревнования уделялось особое внимание, и контроль был жёстким. На службу соревнованию был поставлен весь многообразный и богатый арсенал форм и методов этой работы. Стали традицией торжественные проводы в поле, праздники первого снопа, поднятие флагов трудовой славы в хозяйствах и районном центре. Победителям вручались красные вымпелы, переходящие красные знамёна, «зажигалась» Звезда трудовой славы на страницах районной газеты «Целинная Новь». Районный пресс-центр ежедневно сообщал о передовых коллективах, комбайнерах, водителях и рабочих токов. Агитпоезд в составе работников районного Дома культуры, медиков, бытовых, торговых организаций, лекторов райкома партии в дни жатвы обслуживал участников жатвы прямо в поле.

В дни страды регулярно выпускались «боевые листки», «молнии», бюллетени социалистического соревнова-

ния, которые вывешивались на полях станах, токах и мастерских.

Внесли свой весомый вклад в освещение хлебоуборки журналисты, рассказавшие о самоотверженном труде звена П.Георгиев из Актюбинского завода хромовых соединений в совхозе «Ярославский», показатели которого стали лучшими не только в районе, но и в области. Звено намолотило 19463 центнера на каждый комбайн, достигнув рекордной выработки 1153 гектара.



В составе звена комбайнёры А.Лякин, С.Гусаченко, В.Тишкин, В.Андриненко, и К.Кудинов. Успешно трудились на хлебной ниве семейные агрегаты, в совхозе «Щербаковский» Александр Дружченко с сыном Владимиром убрал хлеб на площади 1125 га и намолотил 17634 центнера зерна, Константин Брыкалов с племянником Валерием Утёсовым скошил зерновые на площади 1125 га и намолотил 17211 центнеров зерна. Газеты писали о Герое Социалистического труда Анатолии Явдошине из совхоза «Ярославский», В.Перьянове и В.Булгакове из совхоза «Щербаковский», А.Петренко, А.Арнольде, С.Половникове, Б.Турганбае-

ве из райспецхозобъединения, А.Трифонове и В.Морозове из совхоза «Северный», которые добились наивысших результатов в уборке урожая-81. Мастерами хлебных трасс называли водителей передовиков доставлявших зерно с полей на ток и на элеваторы, героями публикаций стали А.Бойков, Ж.Кизилов, Д.Шульговский, С.Клименко и многие труженики проводившие за «баранкой» всю уборочную страду.

В битве за урожай принимали самое активное участие студенты, учителя, старшеклассники, работники различных организаций и учреждений. Их трудом достигнут результат о котором первый секретарь Актюбинского обкома партии В.Ливенцов в своей статье «Большая победа земледельцев области», опубликованной в газете «Путь к коммунизму», отмечал:

«Хлеборобы Комсомольского района организованно провели уборку и при плане 9.1млн. пудов засыпали в закрома Родины 22,6 миллиона пудов зерна. Здесь проявилась высокая организующая роль райкома партии и райисполкома, сумевших мобилизовать коммунистов и всех трудящихся района на успешное выполнение поставленной задачи.

Флагман зернового производства области - целинный совхоз «Ярославский» - за четверть века дал стране 38 млн. пудов хлеба. А на нынешней жатве этот совхоз стал настоящей фабрикой хлеборобских рекордов. Во-первых, с его полей поступило наибольшее в области количество зерна-3,9 млн. пудов. Во-вторых, именно в этом целинном гиганте, посевная площадь которого превышает 52тыс. га получены ныне рекордные намолоты - по 20 тысяч центнеров зерна на комбайн. Целина показала свою жизненную силу, ещё раз подтвердила верность курса нашей партии на освоение целинных земель».

Репортовав о трудовой победе в Москве и сообщив, что область сдала более 100 миллионов пудов хлеба обком партии получил поздравления и приветствие от самого Генсека Л.И.Брежнев, а первый секретарь Комсомоль-

ЧЕМПИОН ЖАТВЫ 1981 ГОДА

Рассмотрев итоги социалистического соревнования комбайнёров района на уборке урожая 1981 года, бюро райкома Компартии Казахстана, исполком районного Совета народных депутатов, президиум райкома профсоюза работников сельского хозяйства и бюро райкома ЛКСМ Казахстана признали победителем социалистического соревнования среди комбайнёров района на уборке урожая 1981 года - Дружченко Александра Алексеевича, комбайнёра совхоза «Щербаковский» убравшего хлеб на площади 1225 гектаров и намолотившего 1928 тонн зерна.

Александр Алексеевич Дружченко присвоено звание «Чемпион жатвы 1981 года», с вручением диплома «Ударник жатвы».



На фото:
Чемпион жатвы 1981 года
А.Дружченко.

ГВАРДЕЕЦ ЖАТВЫ 1981 ГОДА



Брыкалов Константин
Александрович

Родился в 1946 году в селе Григорово Кольчугинского района Владимирской области в рабочей семье. Трудовую деятельность начал в совхозе «Щербаковский» после окончания Родниковского профтехучилища в 1964 году. Работал слесарем, механизатором широкопрофиля в совхозе «Щербаковский», возглавлял рабочий комитет. Передовик сельскохозяйственного производства, ударник коммунистического труда, неоднократный победитель социалистического соревнования в хозяйстве и Комсомольском районе. За добросовестный труд был удостоен Государственной премии Казахской ССР (1983г.), награжден орденом Трудовой Славы третьей степени, медалями «За трудовую доблесть», «За трудовое отличие», «В ознаменование 100 летия В.И.Ленина». Скончался в 1986 году после продолжительной болезни.

«Жабасакский», Шарыкбай Иргизбаев - совхоз им. Джангильдина.


Комсомольскому району было присуждено 1 место в области по итогам года по развитию земледелия и продаже хлеба государству, а также по итогам соцсоревнования вручен приз имени знатного просовода Чаганака Берсиева за рекордный урожай жатвы 1981 года.

Актюбинскую область Постановлением ЦК Компартии Казахстана, Президиума Верховного Совета Каз.ССР и Совета Министров республики за выдающиеся успехи в выполнении планов хозяйственного и культурного строительства, в социалистическом соревновании по итогам 10 пятилетки занесена в Золотую Книгу Почёта Каз.ССР. Почётный диплом руководству области вручал секретарь ЦК Юрий Николаевич Трофимов на специальном совещании по успешному завершению сельскохозяйственного года.

Фёдор Евгеньевич Чемоданов, как и большая группа передовиков сельского хозяйства, был награжден за свой труд орденом Ленина, и это была заслуженная оценка его неутомимой деятельности в должности председателя Комсомольского райисполкома.

Таким, богатым на урожай, выдался год 1981 для хлеборобов нашего района, были урожайными и другие годы, но такого хлеба как в первый год 11 пятилетки больше не собирали.

Страницу подготовил Сергей Генин.
(В публикации использованы материалы из книги «О жизни и подвиге газетной строкой»)



КОМБАЙНЕРЫ – ГВАРДЕЙЦЫ ЖАТВЫ 1981 ГОДА

Рассмотрев итоги социалистического соревнования комбайнёров района на уборке урожая 1981 года, бюро райкома Компартии Казахстана, исполком районного Совета народных депутатов, президиум райкома профсоюза работников сельского хозяйства и бюро райкома ЛКСМ Казахстана присвоили звание «Гвардеец жатвы 1981 года» с вручением дипломов «Ударник жатвы» следующим комбайнерам района, добившихся высоких производственных показателей на уборке урожая 1981 года:

Явдошину Анатолию Архиповичу – комбайнёру совхоза «Ярославский», убравшему зерновые на площади 740 гектаров и намолотившему 1119 тонн зерна.

Брыкалову Константину Александровичу – комбайнёру совхоза «Щербаковский», убравшему зерновые на площади 1185 гектаров и намолотившему 1908 тонн зерна.

Морозову Валерию Герасимовичу – комбайнёру совхоза «Северный», убравшему зерновые на площади 1183 гектара и намолотившему 1702 тонны зерна.

Подорванову Михаилу Ивановичу – комбайнёру совхоза имени 22 съезда КПСС, убравшему зерновые на площади 1252 гектара и намолотившему 1327 тонн зерна.

Майбурову Евгению Егоровичу – комбайнёру совхоза «Восточный», убравшему зерновые на площади 1117 гектаров и намолотившему 1117 тонн зерна.

Колосову Николаю Алексеевичу – комбайнёру совхоза «Урожайный», убравшему зерновые на площади 948 гектаров и намолотившему 1279 тонн зерна.

Жувандыкову Айтмагамбету – комбайнёру совхоза «Псковский», убравшему зерновые на площади 763 гектара и намолотившему 1080 тонн зерна.

Арнольду Александру Ивановичу – комбайнёру райспецхозобъединения, убравшему зерновые на площади

813 гектаров и намолотившему 1214 тонн зерна.

Туржанову Кенпейлу – комбайнёру совхоза «Баскундукский», убравшему зерновые на площади 635 гектаров и намолотившему 708 тонн зерна.

Шатанову Мазыбаю – комбайнёру совхоза «Жабасакский», убравшему зерновые на площади 566 гектаров и намолотившему 564 тонны зерна.

Иргизбаеву Шарыкбаю – комбайнёру совхоза имени Джангильдина, убравшему зерновые на площади 467 гектаров и намолотившему 708 тонн зерна.

На фото: Николай Алексеевич Колосов – один из лучших механизаторов в истории совхоза «Урожайный» (п.Актасты), гвардеец жатвы-1981 года. В совхозе начал свою трудовую деятельность в 1965 году и зарекомендовал себя как высококвалифицированный специалист, знающий технику, относящийся с высокой ответственностью к порученному делу.

Николай Алексеевич награжден за свой труд на целине высшими наградами государства орденами Ленина и Трудового Красного Знамени, многими медалями.



Газета «Целинная новь» 1981г.

«Біздің жерлес» – туған топырақтан түлеп ұшып, қай жерде жүрсе де ел мерейін үстем еткен азаматтарды ардақтауға арналған тағылымды айдар. Бұл бетте өңірімізде туып-өсіп, әр салада абыройлы еңбек еткен және етіп жүрген ардагерлер мен еңбек адамдары, зиялы қауым өкілдері, кәсіпкерлер, өнер мен спорт саңлақтары, сондай-ақ өмірден өткен аяулы тұлғалар жайлы тағылымды деректер жарияланып отырады.


Айдардың басты мұраты – туған жерге еңбегі сіңген жандарды елге таныту, олардың өнегелі өмір жолын кейінгі буына үлгі ету, азаматтық болмысы мен еңбегін құрметтеу.

Материалдар кейіпкерлердің өздері, туыстары, замандастары ұсынған мәліметтер, архивтік деректер мен ашық ақпарат көздері негізінде әзірленеді. Ұсынылған деректердің нақтылығы мен мазмұнына айдарды жүргізуші редакция толық жауапты болып табылмайды

РЕДАКЦИЯ

Аспан асты музейі

«Хан моласы» қорымында кешенді зерттеулер нәтижесінде Әбілқайыр хан қабірі анықталып, оның мүрдесіне сараптама жасалып, Венгрия антропологтары оның кескін-бейнесін жасап шығарды. Қазіргі уақытта «Хан моласы» ашық аспан астындағы музейге айналды. Әбілқайыр ханға кесене тұрғызылды. Кесененің кейінгі ұрпаққа тәрбиелік-тәлімдік маңызы зор сәулет өнері болды.



Отыз жылға жуық «Хан моласы» қорымында зерттеу жүргізген Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Серік Әжіғали зерттеу материалдарына тарихи дерек көздеріне, фотосуреттер мен бейне бақылауларға, көне карталардағы ескерткіштерге көптеген зерттеу нәтижелері мен деректерге сүйенген. Әбілқайыр хан сүйегінің осы қорымда жатқандығы орыс зерттеушілерінің жазба деректерде расталды. «Хан моласы» туралы 1771 ж. П.Рычковтың, 1832 ж. А.Левшиннің, 1835 ж. Д.Эристовтың мақалаларында айтылған. Ал И.Крафт 1898 жылы «Хан моласын» Торғайдан 80 шақырым жерде Қызылорда мен Өлкейік өзенінің қосылған жерден 4-5 шақырымдай қашықтықта екені, хан қабірінің басында бір тұрған ағаш барын жазып қалдырған. Топографиялық карталарда ол жер «Хан сүйегі» деп көрсетілген. Сондай-ақ қазақтардың ол жерді қасиетті орын санайтыны да атап көрсеткен. Н.Рычковтың жазбаларында Әбілқайыр хан зиратының үстіне жергілікті еңделген кірпіштен тік бұрышты мавзолей секілді бейіт тұрғызылған. Зираттың оңтүстік беткейінде қоршау болған, ал батыс

және ДНҚ сараптамасы алынды. Нәтижесінде №92 объектідегі сүйектің ДНҚ сараптамасын Әбілқайыр хан ұрпақтарының сараптамасымен 99,87 пайызға сәйкес келді.

2015 жылы Әбілқайыр ханның басына кесене және жанына қазақтың үш жүзінің бірлігін білдіретін үш стелла салынды. Кесенедің ұлы даланы жайлаған барлық қазақ руларының таңбалары салынған. Қонақтарға арнап 2021 жылы басына үй салынды.

Кешен мемлекет қорғауына алынған ескерткіштер тізіміне енгізілген. 278 жыл уақыт сынынан өтіп бүгінге жеткен сәулет өнерінің тамаша сыйына айналды.

Музейдің негізгі міндеті – тарих арқылы тарихи-мәдени ескерткіштерді, тарихи оқиғаларды насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты рухани адамгершілік пен патриоттыққа тәрбиелеу.

А.Сапаров, Әбілқайыр хан мемориалдық музейінің басшысы.



БІЗДІҢ ЖЕРЛЕСІМІЗ

Елге еңбегімен елеулі, қалтқысыз қызметімен қадірлі болып, атажұртын ардақтап жүрген жерлестерімізге арналған тұрақты айдар

сады. Кейін әкімдікпен, ауыл ақсақалдарымен кездесіп, кеңескен соң істі бастап кетеді.

Бұл бастаманы алғашқылардың бірі болып Әйтеке би ауданының Құрметті азаматы, білікті басшы, шебер ұйымдастырушы Зоя Белекова қолдаған. Ол істі ісін басына аяғына дейін бөлсенді араласты. Ауыл азаматтары да қолдау білдіріп, «Алеша, (ауылдастары осылай деп атайды) ісін алға бассын» деп батасын берген. Осы жердің тумасы, елдің абзал азаматы Аманғали Бердалиев жарық пен газ тарту мәселесін шешуге көмектесіп, үлкен қолдау көрсетті. Айбек Оразбаев техникасымен көмегінен берді. Сонымен бірге Қилыбай Қайырова, Серік Сейсенов, Арыстан Ташленов, Кәдіржан Балшықбаев, Анарбай Әділхан, Гүлжанат Егембердиева және өзге де көптеген жерлестер ортақ іске үлес қосты.

Жеті ай бойы қорым басында жүріп, қоршау, қонақы үй, су, жарық, газ, жылу жүйелерін іске қосты. Қақпа арнайы тапсырыспен

Ел жақ жадымда жүреді



Бүгінгі таңда туған жердің тағдырына бейжай қарамайтын, елдің бір керегіне жарасам деп жүретін азаматтар қай кезде де қадірлі. Ондай жандардың өмірі дабыралы сөзбен емес, нақты іспен өлшенеді. Қарабұтақ топырағында туып, қайда жүрсе де туған ауылын жүрегінен шығармаған Әлімгерей Ізбасов – сондай азаматтардың бірі. Оның ғұмыр жолына көз салсаң, еңбекке адалдықты, елге жанашырлықты, отбасына жауапкершілікті қатар ұстанған қарапайым да мазмұнды өмірді көресің.

піндеді. Кейін техникалық білім алып, банкте ЭВМ жөндеуші болып еңбек етті. Қай қызметте жүрсе де, жауапкершілікті бірінші орынға қойғанын әріптестері әлі күнге дейін айтады.

Кейін жол құрылысы саласына ауысып, ұзақ жылдар осы салада табысты еңбек етті. Сан шақырым жол, бірнеше көпір салуға атсалысты. Сонымен қатар, Қарабұтақ ауылындағы орталық көшедегі «Дәріхана» өз идеясы бойынша бой көтерді. Қобладағы үлкен көпір құрылысына үлес қосты. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізіндегі үш көпірдің салынуына қатысып, іскер ұйымдастырушы ретінде танылды. Осы еңбегі еленіп, «Құрметті жолшы» төсбелгісімен марапатталды.

Ол үшін еңбек – тек табыс табудың жолы емес, елге пайда тигізудің амалы. Қарабұтаққа кіре берістігі бекеттен Бөрілігіге дейінгі 60 шақырым жол құрылысына ауыл азаматтарын көптеп тартқанын ерекше мақтаншып емес, ризашылықпен еске алады. Сол кезде жұмысқа алынған жігіттердің көбі кейін өз тұрмысын түзеп, үй алып, шаруасын дөңгелетіп кеткен. «Адамға сенім артсаң, ол өседі» деген сөзді ол

жасалды. Пандемия кезіндегі қиындықтарға қарамастан, жұмыс тоқтаған жоқ. Бүгінде Сары Ишан қорымында зиярат етушілерге барлық жағдай жасалған. Бұл – ел бірлігінің, азаматтық жауапкершіліктің нақты үлгісі.

Әлімгерей аға отбасын да өміріндегі басты байлық санайды. Жұбайы Гүлстан апаимен отасқандарына қырық бес жылдан асқан. Гүлмира, Гүлназия, Мирбол атты перзенттерін тәрбиелеп өсірді. Балалары жоғары білім алып, бүгінде әрқайсысы өз шаңырағын көтерген. Айдар мен Гүлмира Астанада, Нұрділде мен Гүлназ Оралда, Мирбол мен Айгерім Ақтауда тұрады. Өздері Ақтөбеде. Немере-жиен сүйісі отырған бақытты әулет.

Әкесі Сүлеймен Оразбаев – Ұлы Отан соғысының ардагері, елге қызмет еткен абзал жан болған. Әкесінің «бауырларына бас-көз бол» деген аманатын Әлімгерей аға өмірлік ұстанымына айналдырған. Қара шаңырақ бүгінде Қарабұтақта, інісі Айбек пен келіні Аяужанның қолында.

Қарабұтақ туралы сөз қозғалса, оның жүзіннен ерекше қуаныш байқалады. «Қазіргі ауылдың кел-



Әлімгерей Ізбасов 1958 жылы Қарабұтақ ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауылдың кең даласында, достарымен асыр салып, еңбекке ерте араласып өтті. Сол кезеңді ол ерекше ілтипатпен еске алады. Мектеп қабырғасында жүріп спортқа жақын болды, достарымен шағын өнер тобын құрып, ән айтты. Бүгінде де сыныптастары Болат Төлеуов, Болат Егізбаев, Болат Әбдірахманов, Дәулет, Таня, Алтайлармен араласып, ескі күндерді еске алып тұрады. Оның айтуынша, балалық шақтың ең үлкен байлығы – адал достық пен ұмытылмас естеліктер.

Т.Шевченко атындағы орта мектепті бітірген соң, азаматтық борышын Украина жерінде өтеді. Әскерден оралған соң еңбек жолы ауылдағы «Казеспехоттехника» мекемесінде жүргізуші болып бастайды. Бензовоз айдады, жүк көлігін жүргізді, автоклубта қызмет етті, басшылық көлігін тіз-

өмірімен дәлелдегендей.

Заман өзгеріп, ауылдағы талай мекеме жабылған тұста, балаларының болашағын ойлап Ақтөбеге қоныс аударады. Бірақ туған жерден қол үзген жоқ. Қайда жүрсе де Қарабұтақтың тыныс-тіршілігіне назар аударып отырды. Қалада да қарап қалмай, кәсіппен айналысты, келісім-шартпен еңбек етті. Бүгінде де үлкен компанияда келісім-шартпен қызмет атқарып келеді. Зейнет жасына шықса да, тәжірибелі маман ретінде ұжымның құрметіне бөленіп отыр.

Әлімгерей Ізбасовтың елге деген жанашырлығының жарқын көрінісі – Сары Ишан қорымын абаттандыру ісі. Бұл ой оған анасының қабіріне белгі орнатуға барған сәтте келеді. Қорым маңындағы күтімсіз көріністерді көріп, осындай қасиетті орынды неге қоршамасқа деген шешімге тоқтайды. Ауылға келіп, кенже інісі Айбек Оразбаевпен ақылда-

беті өзгерді. Жаңа үйлер салынып жатыр, ескі нысандар жөндеуде, жұмыс орындары ашылып, кәсіппен айналысып жатқан адамдар көбейді» дейді ол. Дегенмен бір тілегі бар: білім алған жастар ауылға оралып, ел игілігіне қызмет етсе, әсіресе медицина мамандары тұрақтаса екен дейді.

Кейінгі буына үлгі ретінде ол Қайрат Қойлыбаев пен Жасталап Жанбауовты атайды. Туған жерден жырақта жүрсе де, Қарабұтаққа қамқорлық жасап жүрген азаматтарды жастарға өнеге етеді. «Қолда күш барда елге қызмет ету керек. Ұрпағың сенің еңбегіңмен мақтансын» деген сөзі де осыдан туған.

Әлімгерей Ізбасовтың өмір жолы бір ғана адамның тағдыры емес, тұтас бір буынның бейнесіндей. Еңбекпен есейген, қиындықпен шыңдалған, туған жерін ұмытпаған азаматтық болмысы осындай.



Театрдың ширек засырлық жолы

Театр – адам жанының айнасы, қоғамның рухани келбетін айқындайтын биік мінбер. Қай дәуірде болмасын, өнердің осы бір киелі түрі адамзатқа ой салып, рухани қуат сыйлап келеді. Осы орайда, 24 сәуір күні Әйтеке би ауданында аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Сахнадан сәлем-5» аудандық театрлар фестивалі-байқауының ашылу салтанаты өтті.

Рухани байлық – жан азығы. Жыл сайын мазмұны мен ауқымы кеңейіп келе жатқан бұл жобаның негізі 2022 жылы қаланған болатын. Сол жылы алғашқы қадам ретінде 9 театр

театрының шығармашылық жолын баяндайтын арнайы кітаптың тұсаукесері өтті.

«Сахнадан сәлем» жобасы тек өнер көрсету алаңы ғана емес, жас таланттардың бағын ашатын, болашаққа жол сілтейтін ортаға айналды. Бүгінде 22 оқушы актерлік шеберлікті таңдап, бір талапкер режиссер мамандығы бойынша білім алуға, Олар Қ.Жұбанов атындағы университет, «Тарлан» колледжі және Көкшетау қаласындағы жоғары оқу орындарында өнердің қыр-сырын үйренуде.

«Замандас» халықтық театрының қолға алған жобалары жүйелі түрде дамып келеді. Фестивальде үздік танылған

Халық Республикасына арнайы жолдама табысталды.

Биылғы мерейтойлық жыл – «Замандас» театры үшін жаңа белестердің бастауы. Ауылдық театр ұжымдарымен кездесулер мен мәдени іс-шаралар легі жалғасын тауып, алдағы уақытта театр подкасттары мен тың шығармашылық жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Фестивальдің ашылу салтанаты әсерлі қойылымдар мен мерекелік отшашумен түйінделді.

Аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен өткен «Сахнадан сәлем-5» байқауы өз мәресіне жетті.

Нәтижесінде: Бас жүлде – Жабасақ ауылы, «Алау» театрына, (режиссеры: Арыстанова Махаббат), I орын – Еңбекту ауылы, «Шаттық» театрына, (режиссеры: Түлепбаева Адина), II орын – Аралтөбе ауылы, «Тұмар» театрына, (режиссеры: Айтқазы Жадыра), III орын – Қарабұтақ ауылы, «Шабыт» театрына, (режиссерлары: Саймов Саламат, Наурызбаева Сания) табысталса, номинациялар бойынша «Үздік режиссер» - Құдайберген Альбинаға, (Әйке ауылы), «Үздік актер» - Саятұлы Шәмшіге (Аралтөбе ауылы) «Үздік актриса» - Сәбитова Қызғалдаққа (Жабасақ ауылы), «Жаңа есім» - Аманбай Ернарға (Еңбекту ауылы) берілді. Сонымен қатар, «М.Қалмағанбетов атындағы арнайы жүлдеге» - Сарыбұлақ ауылы «Жан-



қатысса, бүгінде бұл көрсеткіш 24 өнер ұжымына жетіп отыр. Бұл – аудандағы театр өнерінің қарыштап дамып, жастардың өнерге деген қызығушылығының артқанын айғақтайды.

Фестивальдің салтанатты ашылуында сөз сөйлеген аудан әкімі Д.Тоғызбаев театр өнерінің қоғамдағы орнына ерекше тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, шара аясында биыл ширек ғашырық мерейтойын атап өтіп жатқан «Замандас» халықтық

ұжымдар тек аудандық, облыстық деңгейде ғана емес, республикалық және халықаралық байқауларда да топ жарып жүр. Атап айтқанда, театр ұжымдары Баку және Ташкент қалаларында өткен байқауларда жүлделі орындарға ие болып, қазақ өнерінің абыройын асқақтатты. Өнерге деген қолдау да толастаған емес. Мәселен, 2025 жылы аудан әкімінің жұлде қоры ұлғайып, биылғы байқауда үш режиссерге Қытай

талас» театры, «Замандас» халықтық театрының арнайы жүлдесіне – Ақкөл ауылы «Сағым» театры, «Үздік декорацияға» - Сұлжол ауылы, «Темірқазық» театры, «Үміт» жүлдесіне - Жареткел ауылы, «Жас әртістер» театры ие болды.

Көп көңіліне театр құдіретін түсіндірген «Сахнадан сәлем» фестивалі осылайша ауданның мәдени өміріне жаңа тыныс, тың серпін сыйлады.

Бетті әзірлеген Е.ЫРҒЫЗҰЛЫ.

